

**Турсынкулова Эльмира Абдуллаевнаның «8D01510 –
Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ математика
мұғалімдерінің геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік
даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық
зерттеу жұмысына**

ІШКІР

Ізденуші Турсынкулова Эльмира Абдуллаевнаның аталған тақырыптағы зерттеуі заманауи сұранысты қанағаттандыратын диссертациялық жұмыс болып табылады.

Өйткені, геометрия курсы оқыту үдерісінде салу есептерін шығару-берілген элементтері бойынша ізделінді геометриялық фигураны салу жолдарын жан-жақты талқылау, осы фигураны салу бойынша ойша конструктивті операциялар жүргізу негізінде оқушылардың кеңістіктік түсініктері мен конструктивтік дағдыларын дамытады. Нақты және абстрактілі ойлау арасында байланысты орнатуға көмектеседі. Сондай-ақ, салу есебін шығару - ізделінді фигураларды салумен қатар, оны алдын-ала талдау, дұрыстығын дәлелдеу және шешімін зерттеу кезеңдерінен тұратындықтан, оқушылардың білімдерін жүйелеу мен тиянақтауда үлкен роль атқарады.

Ал, қазіргі ЖОО-ның академиялық еркіндігі жағдайындағы болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығының жай-күйін саралай келіп, мектеп геометрия курсына салу есептерінің рөлі мен маңыздылығы және оны оқытудағы болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік даярлығы арасындағы бірнеше қарама-қайшылықтар негізделген. Атап айтқанда:

- Қазіргі ЖОО-ның академиялық еркіндігі жағдайында математика бакалаврларын іргелі және әдістемелік даярлау үдерісі мен мектеп геометрия курсына салу есептерін оқыту арасындағы алшақтықтың болуы, яғни мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықтың әлсіздігі;

- Оқушыларды жалпы дамытудағы салу есептерінің потенциалының жоғарылығы мен оны жүзеге асыруға даярланған ұстанымдардың ғылыми-әдістемелік жеткіліксіз зерттелуі.

Анықталған қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында Э.Турсынкулова зерттеу жұмыстарын болашақ математика мұғалімдерінің жазықтықтағы геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығын қалыптастыруға бағыттап, оны жүзеге асырудың теориялық

негіздерін айқындап, мазмұнын құрып, оқытудың интербелсенді әдістері мен ақпараттық компьютерлік құралдарын жасады.

Диссертацияның кіріспесінде зерттеу жұмысының өзектілігі негізделіп, оған сәйкес нысаны, пәні, мақсаты, ғылыми болжамы, міндеттері және т.с.с. нақтыланып, зерттеу жұмысының ғылыми аппараты қойылған.

«Болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімде «әдістемелік даярлық», «әдістемелік даярлықты қалыптастыру» ұғымдарының мән-мағынасы ашылған.

Мектеп пен педагогикалық ЖОО-дағы жазықтықтағы салу есептерін оқытудың қазіргі жай-күйінеталдау жасалған. Теориялық және эмпирикалық педагогикалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, зерттеу тақырыбы бойынша негізгі мәселелер айқындалған.

Айқындалған мәселелерді түзету барысында, мектеп пен ЖОО-да «геометриялық салу есептері» мазмұнының сабақтастығын іске асыру үшін мазмұндық байланысы, геометриялық салу есептерін «Мектеп-ЖОО сабақтастықта» оқыту және бағалаудың құрылымы жасалды.

Болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік даярлығын қалыптастыру үдерісін жетілдірудің негізгі бағыттары: оқытудың іс-әрекеттік жүйесі, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыру, жүйелі түрде оқыту үдерісінің принциптері айқындалып, болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлаудың кезеңдері жасалған.

Болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік даярлығын қалыптастыру үдерісін жетілдіруге қойылатын талаптар анықталған.

«Болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығын қалыптастыру практикасы» деп аталатын екінші тарауда геометриялық салу есептерін оқытудың теориялық-әдістемелік құрылымы мен мазмұны, болашақ математика мұғалімдерінің теориялық және әдістемелік білігінің қалыптасу деңгейлері айқындалған.

Интербелсенді әдістер мен АКТ құралдарын қолдану арқылы салу есептерін құрастыру, салу есебін шығарудың тиімді әдісін анықтау және салу есептерінің шешімін зерттеу біліктерін дамыту негізінде болашақ математика мұғалімдерінің жазықтықтағы геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері жасалған.

Білім алушыларды берілген геометриялық салу есептеріне ұқсас есептерді құрастыруға даярлауда, яғни бір есепті бірнеше мазмұнда тұжырымдау, берілген элементтің параметрінің мәніне басқа мән беру немесе берілген сан мәнін басқа мәнге ауыстыру т.с.с. оқытуда лексикографиялық әдісті қолданудың тиімді жолдарын ұсынған.

Болашақ математика мұғалімдеріне геометриялық салу есептерін оқытуда интербелсенді әдістер (миға шабуыл, тірек конспектілер, «ойлан, жұптас, пікірлес» әдістері мен деңгейлеп оқыту, проблемалық оқыту технологиясы) мен ақпараттық-компьютерлік оқыту құралдары («GeoGebra», «1с: математикалық конструктор», «жанды геометрия») тиімді қолданылған.

«Геометриялық салу есептері» электив курсының мазмұны даярланып, оны оқытудың интербелсенді әдістері мен АКТ құралдары болашақ математика мұғалімдерін даярлау үдерісіне енгізіліп, тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде математикалық статистикалық әдістер негізінде дәлелденген.

Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны бойынша 23 мақала жарияланған және 1 оқу құралы дайындалған.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ішкі мазмұнның тақырыппен сәйкестігі, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған нәтижелердің құндылығы мен нәтижелердің ғылыми басылымдар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар еңбектерінде жарияланып, апробациядан өтуі докторанттың жеке дайындалған, толық аяқталған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сай ғылыми-зерттеу жұмысы екендігін көрсетеді.

Турсынқулова Эльмира Абдуллаевнаның «8D01510 – Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық салу есептерін оқытуға әдістемелік даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы толық аяқталған, дербес орындалған және талаптарға сай рәсімделген ғылыми зерттеу жұмысы деп бағалаймын және мамандандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші

п.ғ.к., доцент

М.Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан университеті

Handwritten signature

Н.К.Мадияров



ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ЖКЖ бөлімінің
Басшысы

Handwritten signature
29.04.2024